

Жәнібек ауданы әкімінің 2019 жылғы 25 маусымдағы №10 "Техногендік сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімінің 2019 жылғы 13 тамыздағы № 12 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 14 тамызда № 5765 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңдарына сәйкес және Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданының төтенше жағдайларының алдын алу және жою жөніндегі комиссиясының 2019 жылғы 7 тамыздағы №8 хаттамасы негізінде, Жәнібек ауданының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жәнібек ауданы әкімінің 2019 жылғы 25 маусымдағы №4 "Техногендік сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5733 тіркелген, 2019 жылғы 9 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Жәнібек ауданы әкімі аппаратының басшысы (А.Молдағалиев) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.